

Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі
«Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» КЕАҚ
Құзыреттер және үздіксіз білім орталығы

**«Білім беру ұйымдарын реформалау жағдайларында дене шынықтыру
және спортты оқытудың заманауи мәселелері»
біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы**

Павлодар қ.

2026

1. Жалпы ережелер

«Білім беру ұйымдарын реформалау жағдайларында дене шынықтыру және спортты оқытудың заманауи мәселелері» атты біліктілікті жоғарлату курсы бағдарламасы дене шынықтыру пәні мұғалімдеріне арналған.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаев өзінің халыққа жолдауында мұғалімдерді қазіргідей 5 жылда емес, 3 жылда бір рет қайта даярлықтан өткізуіміз керек деп санаймын. Өйткені олар шәкіртінің бойына жаңа білім сіңіре алатындай нағыз ағартушы болуға тиіс.

Бұл тенденция мұғалімдердің біліктілігін арттыру жоғарлату мәселелеріне көңіл аударуға септігін тигізіп, оқушылардың қажетті білігімен қамтамасыз етеді.

Білім беру мекемелері денешынықтыру пәні мұғалімдерінің біліктілігін жоғарлату бағдарламасы (әрі қарай – Бағдарлама) Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасының дене шынықтыру мен спорт саласын дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 251 қаулысы негізінде дене шынықтыру және спортты дамытудағы басым бағыттарды жоғарлатуды көздейді. Бұған тірек әлемдік озық тәжірбиелерді қолданып, осы салаға ғылыми жаңалықтарды көптеп ендіру саланы дамытуға септігін тигізеді және т.б.

2. Глоссарий

«Білім туралы» ҚР Заңы: Білім беру үдерісін ұйымдастырудың, оның ішінде міндетті пәндерді оқытудың жалпы принциптерін айқындайды.

«Дене шынықтыру және спорт туралы» ҚР Заңы: Дене шынықтыру сабақтарының құқықтық негіздерін, спорттық іс-шараларды өткізу тәртібін және қауіпсіздік талаптарын белгілейді.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (МЖББС): Пәндердің мазмұнына, оқу жүктемесіне және білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптарды бекітеді.

Типтік оқу бағдарламалары мен жоспарлары: Оқу жылына арналған ДШ және ТҚН бойынша сағаттар санын және тақырыптық мазмұнын айқындайтын негізгі құжаттар.

ТҚН бойынша: Тіршілік қауіпсіздігі негіздері жеке пән ретінде немесе «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» (АӘТД) курсының құрамдас бөлігі ретінде оқытылады.

Қауіпсіздік ережелері: Мәдениет және спорт министрінің бұйрығымен бекітілген «Дене шынықтыру және спорт сабақтарын өткізу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидалары».

Санитариялық қағидалар мен нормалар (СанПиН): Спорт залдарының жағдайына, жабдықталуына, желдетілуіне және жарықтандырылуына қойылатын гигиеналық талаптар.

Педагог мәртебесі туралы заң: Мұғалімдердің құқықтарын, міндеттерін және олардың кәсіби қызметіне қойылатын талаптарды реттейді.

Итерактивті оқыту әдістері — бұл мұғалім мен оқушының, сондай-ақ оқушылардың бір-бірімен белсенді қарым-қатынасына негізделген оқыту тәсілі.

Пікірталас: Оқушылардың сыни ойлауын дамытып, өз ойын дәлелді түрде жеткізуге үйретеді

«Жасанды зейін» (жасанды интеллект — AI) — бұл компьютерлік жүйелердің адамға тән интеллектуалды функцияларды (үйрену, шешім қабылдау, логикалық ойлау, тілді түсіну) орындау қабілеті.

«Кейс-стади» — нақты бір жағдайды, оқиғаны немесе мәселені терең талдау арқылы шешім шығару әдісі.

Жобалау әдісі — белгілі бір мәселенің шешімін табуға бағытталған, нәтижесінде нақты өнім алуды көздейтін оқыту және зерттеу технологиясы.

Инклюзивті білім беру — балалардың дене, психикалық, зияткерлік және басқа да ерекшеліктеріне қарамастан, оларды жалпы білім беру жүйесіне қосу.

Ментор — өз тәжірибесімен бөлісетін, бағыт-бағдар беретін кеңесші.

3.Бағдарлама тақырыбы

Білім беру жүйесін реформалау жағдайында дене шынықтыру және спорт саласы тек дене дайындықты емес, тұлғаның толыққанды дамуын қамтамасыз ететін жаңа тәсілдерді қажет етеді. Бүгінгі таңда бұл салада бірнеше өзекті мәселелер мен тенденциялар қалыптасып отыр:

Теория мен практиканың теңгерімсіздігі

Реформалар аясында дене шынықтыру сабағы тек жаттығу жиынтығы емес, салауатты өмір салты туралы білім беретін пәнге айналуға тиіс. Дегенмен, көптеген білім беру ұйымдарында теориялық білімді практикамен ұштастыру әлі де әлсіз. Оқушылар «не істеу керек» екенін білгенімен, «не үшін істеу керек» екенін (биологиялық, физиологиялық негіздері) терең түсіне бермейді.

Инклюзивті білім беруді жүзеге асыру

Қазіргі реформаның басты талабы — ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқу процесіне толық тарту. Мұндағы негізгі мәселелер:

Бейімделген бағдарламалардың тапшылығы: Стандартты жаттығуларды барлық балаға бірдей қолдану мүмкін емес.

Мамандардың дайындығы: Мұғалімдердің инклюзивті топтармен жұмыс істеудегі әдістемелік дағдыларының жеткіліксіздігі.

Цифрландыру және инновациялық технологиялар

Заманауи спорттық оқытуда гаджеттер мен деректерді талдау маңызды рөл атқарады:

Смарт-технологиялар: Жүрек соғысын, қадам санын және жүктемені бақылайтын фитнес-трекерлерді сабаққа енгізу.

Қашықтан оқыту мәселесі: Тәжірибе көрсеткендей, дене шынықтыруды қашықтан оқыту кезінде оқушылардың белсенділігін бақылау және қауіпсіздігін қамтамасыз ету қиынға соғады.

Оқушылардың мотивациясы мен қызығушылығының төмендеуі

Спорттық-бағытталған оқыту: Сабақты ойын түрінде (геймификация) өткізу немесе фитнес, йога, воркаут сияқты заманауи бағыттарды қосу қажеттілігі туындап отыр.

Жеке тұлғаға бағытталған тәсіл: Әр оқушының дене мүмкіндігіне қарай жеке даму траекториясын құру.

Бағдарламада дене шынықтыруды — бұл жай ғана спорт емес, ол адам капиталын дамытудың құралы екенін, мәселелерді шешу үшін мұғалімдердің біліктілігін арттыруда инновациялық әдістерді қолдануды қарастырылуы.

4.Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Мұғалімдердің біліктілігін жоғарлату бағдарламасының *мақсаты* мектепті реформалау жағдайындағы денешынықтыру және спортты оқытудың қазіргі мәселелері туралы білім алу болып табылады. Сонымен қатар мектепте оқу-тәрбие процесін ұйымдастырып, еліміздің білім беру саласының бәсекелестікке қабілеттілігін арттыруға көмегін тигізеді.

Бағдарлама мақсатына жету үшін келесі *міндеттері* анықталды:

1) Дене шынықтыру және спорттық тәрбие саласындағы құқықтық-нормативтік білігін жетілдіру;

2) Дене шынықтыру және спорт саласы мамандарының кәсіби деңгейін жоғарлату, жұмыстарының өнімді және сапалы болуын қамтамасыз ету;

3) Дене шынықтыру және спорт саласының заманауи ресурстарды белсенді қолдануын арттыру;

4) Дене шынықтыру мұғалімдерінің инновациялық белсенділігін және шығармашылық бастамалар деңгейін жоғарлату;

5) Дене шынықтыру және спорт бағыттының ауқымын кеңейту, мектептегі денешынықтыруды қол жетімді және сапалы ету.

Күтілетін нәтижелері:

Курс аяқталған соң тыңдаушылардың міндетті:

1) білуі:

- Дене шынықтыру және спорт саласындағы негізгі нормативті құжаттар және заңдылық актілік нормаларды;

- мектеп реформаларын есепке ала отырып, заманауи мақсат және міндеттерді;

- дене шынықтыру мұғалімінің психолого-педагогикалық негізгі қызметін білу .

2) білігі:

- дене шынықтыруды өткізе білу білігі және жаңа педагогикалық технологияларды пайдалана білу білігі;

- түрлі жас топтарындағы оқушылардың денсаулық жағдайына бақылау жасай білу білігі ;

- оқушыларды дене шынықтыру қызметіне қызығушылығын қалыптастыру.

3) игеруі:

- оқушыларда салауатты өмір салтын қалыптастыру әдістемесі;

- мектеп спортындағы психологиялық дайындық және құралдар;

- оқу мазмұнындағы технологиялық ізденістер мен өзекті ғылыми хабарламалар.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Бағдарлама құрылымы 4 модульден тұрады:

1) Оқу орындарындағы дене шынықтыру және спорттың өзекті педагогикалық мәселелері;

2) Оқу орындарындағы дене шынықтыру және спорттың өзекті психологиялық мәселелері;

3) Оқу орындарындағы дене шынықтыру оқу процесінде денсаулық сақтау технологиялары үйретіледі;

4) Бұқаралық-спорт жұмыстарын өткізу және ұйымдастыру технологиялары.

Бағдарлама мазмұны:

Дене шынықтыру және спорттың өзекті педагогикалық мәселелері модульінде келесі тақырыптар оқытылады:

1. Дене тәрбиесі құралдары мен әдістері.

2. Дене шынықтыру және спорт саласындағы ғылыми жұмыстарды өткізу және ұйымдастыру.

3. Дене тәрбиесі жүйесіндегі оқушыларды сауықтыру түрлері.

4. Дене шынықтыру білімін басқару және ұйымдастыру технологиясы.

5. Дене шынықтырудың қызметтік мінезі.

6. Базалық спорт түрлерін оқыту теориясы мен әдістемесі (мектеп бағдарламасы бойынша).

Дене шынықтыру және спорттың өзекті психологиялық мәселелері модульінде келесі тақырыптар оқытылады:

1. Жалпы білім беру мектептерінде дене шынықтыру сабақтарын психологиялық қамтамасыз ету.
2. Дене шынықтыру және спорт қызметіне мотивацияны қалыптастыру.
3. Жеке тұлғаның өзіндік дене тәрбиесін жандандыру.
4. Спорттық қызметтегі психологиялық реттеу дағдыларын қалыптастыру және маңызы.

Оқу орындарындағы дене шынықтыру оқу процесінде денсаулық сақтау технологиялары модулінде келесі тақырыптар оқытылады :

1. Салауатты өмір салты негіздері.
2. Оқушылар дайындығындағы функциональды басқару медико-биологиялық аспектілер.
3. Дене дайындығы жай-күйі жағдайын бақылау және диагностикалау.
4. Арнайы оқу бөлімдерінде дене шынықтыру сабағы мазмұнын жобалау.
5. Жалпы білім беру мектептері жағдайларындағы заманауи кәсіби-қолданбалы дайындық технологиялары.

Бұқаралық-спорт жұмыстарын өткізу және ұйымдастыру технологиялары модулінде келесі тақырыптар оқытылады:

1. Бұқаралық-спорт шараларын өткізудің теориялық негіздері.
2. Спорттық жарыс жүйесін басқару негіздерін әдістемелік ұйымдастыру.
3. Спорттық мерекелерді ұйымдастыру.
4. Бұқаралық-спорттық мерекелерді және спорттық жарыстарды басқару.

6. Оқу процесін ұйымдастыру

Білім беру процесі оқу-тақырыптық курс жоспарына сәйкес 80 сағат көлемінде ұйымдастырылады.

№	Тақырып атаулары	Сағат саны
1	Дене шынықтыру және спорттың өзекті педагогикалық мәселелері дәріс: практикалық:	12 32
2	Дене шынықтыру және спорттың өзекті психологиялық мәселелері. дәріс: практикалық:	4 6
3	Оқу орындарындағы дене шынықтыру оқу процесінде денсаулық сақтау технологиялары дәріс: практикалық:	4 4

4	Бұқаралық-спорт жұмыстарын өткізу және ұйымдастыру технологиялары дәріс: практикалық:	9 4
5	ДШ және ТҚН сабақтарын құқықтық-нормативтік қамтамасыз ету дәріс: практикалық:	1 4
Барлығы		80

6.1 Дәрістік сабақтардағы тақырыптар атауы, олардың мазмұны, сағаттық көлемі

№	Тақырып атаулары	Сағаттар көлемі
1	Дене шынықтыру және спорттың өзекті педагогикалық мәселелері Дене шынықтыру және спорт саласындағы ғылыми жұмыстарды өткізу және ұйымдастыру.	1
2	Дене шынықтыру білімін басқару және ұйымдастыру технологиясы	1
3	Дене шынықтырудың қызметтік мінезі.	1
4	ТҚН және дене шынықтырудағы интеграция	1
5	Базалық спорт түрлерін оқыту теориясы мен әдістемесі (мектеп бағдарламасы бойынша).	8
6	Дене шынықтыру және спорттың өзекті психологиялық мәселелері. Жалпы білім беру мектептерінде дене шынықтыру сабақтарын психологиялық қамтамасыз ету.	1
7	Дене шынықтыру және спорт қызметіне мотивацияны қалыптастыру.	1
8	Жеке тұлғаның өзіндік дене тәрбиесін жандандыру.	1
9	Дене шынықтыру сабақтарында гендірлік белгісіне қарай бағдарлама құрастыру	1
10	Оқу орындарындағы дене шынықтыру оқу процесінде денсаулық сақтау технологиялары. Салауатты өмір салты негіздері.	2
11	Оқушылар дайындығындағы функциональды басқару медико-биологиялық аспектілер.	1
12	Дене дайындығы жай-күйі жағдайын бақылау және диагностикалау.	1

13	Бұқаралық-спорт жұмыстарын өткізу және ұйымдастыру технологиялары Бұқаралық-спорт шараларын өткізудің теориялық негіздері.	2
14	Спорттық жарыс жүйесін басқару негіздерін әдістемелік ұйымдастыру және спорт түрлері бойынша төрешілік жасау	2
15	Дене шынықтыру сабақтарында білім беруді ұйымдастыру	2
16	Спорттық мерекелерді ұйымдастыру.	3
17	ДШ және ТҚН сабақтарын құқықтық-нормативтік қамтамасыз ету Оқыту тренингі ТҚН және дене шынықтырудағы интеграция	1
Барлығы		30

6.2 Практикалық сабақтардағы тақырыптар атауы, олардың мазмұны, сағаттық көлемі

№	Тақырып атаулары	Сағаттар көлемі
5	Дене шынықтыру және спорттың өзекті педагогикалық мәселелері Базалық спорт түрлерін оқыту теориясы мен әдістемесі (мектеп бағдарламасы бойынша).	32
6	Дене шынықтыру және спорттың өзекті психологиялық мәселелері. Жалпы білім беру мектептерінде дене шынықтыру сабақтарын психологиялық қамтамасыз ету.	2
7	Дене шынықтыру және спорт қызметіне мотивацияны қалыптастыру.	1
8	Жеке тұлғаның өзіндік дене тәрбиесін жандандыру.	2
9	Дене шынықтыру сабақтарында гендірлік белгісіне қарай бағдарлама құрастыру	1
10	Оқу орындарындағы дене шынықтыру оқу процесінде денсаулық сақтау технологиялары	
11	Дұрыс тамақтану және дәрумендер	4
12	Бұқаралық-спорт жұмыстарын өткізу және ұйымдастыру технологиялары	
13	Спорттық-сауықтыру шараларын ұйымдастырып өткізу құжаттарымен жұмыс	4
14	ДШ және ТҚН сабақтарын құқықтық-нормативтік қамтамасыз ету	

15	Оқыту тренингі ТҚН және дене шынықтырудағы интеграция	2
16	«Ұлттық ойындар және спорт түрлері» тақырыптары бойынша бөлімдер мазмұны	2
Барлығы		50

Оқу процесін ұйымдастыру барысында тыңдаушылардың білімін тексеру мақсатында өткізіледі: сабақтың кіші презентациясы (кіші іс-шара) және қорытынды жұмыс.

7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

Білім беру процесі өзіне мынадай интерактивті оқыту әдістерін қосады: жасанды зейінмен жұмыс, кейс стади әдістері, проблемалық оқыту технологиясы, пікір - талас, тренинг, жобалау әдісі, инклюзивті білім беру, мәселелерді бірлесіп шешу.

Тыңдаушылардың арнайы жас деңгейіне қарап, оқу барысында олардың логикалық қорытынды жасап, өз ойларын ортаға салауға еркіндік беріледі. Сонымен қатар қорытынды ойларын практикалық сабақтар мен өзіндік жұмыстар кезінде іске асыруларына жағдай жасалады.

Білім беру процесі тренинг және шеберлік сабақтары, сондай-ақ тыңдаушылардың өздік жұмыстарынан құралады. Құзіреттілік үлгі арқылы біліктілікті жоғарылатуға арналған Бағдарлама іс-әрекеттік жолға сүйенеді және білім берудің мынадай қазіргі заманғы педагогикалық технологиялары мен интерактивті формаларын қолдану арқылы қол жеткізіледі: кері байланыс, күрделі және өзекті сұрақтар мен мәселелерді талқылау, шеберлік сабағы, «дөңгелек үстел», дербес қорытынды жұмысты қорғау.

8. Оқу нәтижелерін бағалау

Тыңдаушылардың кәсіби білігінің қалыптасу деңгейін анықтайтын бағлау критерилері құрастырылады және бағдарламаның мазмұнын игергені бағаланады. Бағдарлама өзіне презентацияларды және қорытынды жұмысты қосады.

Кіші сабақты презентациялауда, тыңдаушылар сабақтың кіші бөлігін ұсынады. Мектептің дене шынықтыру сабағы мазмұнындағы түрлі кезеңдік жоспарлаулар мен білім беру мазмұнын жаңарту ұсыныстарын береді .

9. Курстан кейінгі қолдау

Кері байланыс және менторлық: 1 ай аралығында тыңдаушылардың туындаған сұрақтарына жауап беру;

Жабық чаттар мен қауымдастық: Тыңдаушыларға арналған Telegram/WhatsApp чаттары. Онда тәжірибе алмасуға, жаңалықтармен бөлісуге және пайдалы байланыстар орнату;

Материалдарға қолжетімділік: Курс видеолары мен нұсқаулықтарының белгілі бір ай уақытқа сақталу;

Қосымша вебинарлар: Курс аяқталғаннан кейін де жаңа өзгерістер мен трендтер бойынша өтетін «сұрақ-жауап» кездесулері.

10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

Өзіндік жұмыстарды аудиториялық және аудиториядан тыс уақытта ұйымдастыру үшін келесі әдебиеттер ұсынылады:

1) Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауы (8 қыркүйек 2025 жыл)

2) Қазақстан Республикасының Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы (толықтырулар мен өзгерістер 01.02.2026).

3) Қазақстан Республикасы «Дене шынықтыру және спорт» туралы заңы 3-ші шілде 2014 жыл № 228-V (толықтырулар мен өзгерістер 15.04.2025ж).

4) Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы

5) Қазақстан Республикасының дене шынықтыру мен спорт саласын дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 251 қаулысы

6) Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы

7) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы.

8) Қ. Қ. Құланова, Ұ. С. Марчибаева. Жалпы және арнайы дене дайындығы. - Алматы : TechSmith, 2025. - 136 б.

9) М. Ә. Бөлешев. Дене тәрбиесі және спорт медицинасы. - Алматы : Alem book, 2024. - 140 б

10) Қ. Қ. Құланова, А. Т. Аханов. Ұлттық спорт түрлерінің әдістемесі. - Алматы : New book, 2018. - 96 б.

11) М. Е. Құсмиденов. Дене шынықтыру және спорт жөніндегі ғылыми-зерттеу жұмысының негіздері. - Алматы : ССК, 2018. - 88 б.

12) С. Тайжанов, А. Қарақов, С. Қарақов. Мектептің спорт алаңы, санитарлық-гигиеналық нормалар және қауіпсіздік ережелері: - Алматы: ССК, 2018. - 88 б.

13) К. Қ. Базарбаева. Спорттағы қарым-қатынас психологиясы. –Алматы: ЭСПИ баспасы, 2024, - 148б.

14) Е.Б. Омаров., Ш.Т. Абишев., Ж. Ясынов. Баскетбол спортынан төрешілер дайындаудың негізі. –Алматы: ССК, баспасы, 2024, - 140б.

15) Е. Б. Омаров., Е. Молдан., Ж. Ясынов. Дене шынықтыру мен спорт менеджменті. Т.1. –Алматы: ССК, баспасы, 2024, - 196б.

16) Е. Б. Омаров., Е. Молдан., Ж. Ясынов. Дене шынықтыру мен спорт менеджменті. Т.2. –Алматы: ССК, баспасы, 2024, - 160б.

17) М.Ж. Өмірбеков., С.Е. Алдешов., Ә.Қ. Бүркіт. Дене шынықтыру пәні бойынша сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру әдістемесі. Т.1. –Алматы: ССК, баспасы, 2024, - 204б.

18) М.Ж. Өмірбеков., С.Е. Алдешов., Ә.Қ. Бүркіт. Дене шынықтыру пәні бойынша сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру әдістемесі. Т.2. –Алматы: ССК, баспасы, 2024, - 180б.

19) М.Ж. Өмірбеков., С.Е. Алдешов., Ә.Қ. Бүркіт. Дене шынықтыру пәні бойынша сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру әдістемесі. Т.3. –Алматы: ССК, баспасы, 2024, - 184б.

20) М.Ж. Өмірбеков., С.Е. Алдешов., Ә.Қ. Бүркіт. Дене шынықтыру пәні бойынша сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру әдістемесі. Т.4. –Алматы: ССК, баспасы, 2024, - 192б.

21) П.С. Джекенов. Жалпы білім беретін мектепте жеңіл атлетика сабақтарын өткізудің әдістемелік ерекшеліктері. –Алматы: ССК, баспасы, 2024, - 204б.

Қосымша әдебиеттер

1. «Дене тәрбиесі теориясы мен әдістемесі» ғылыми басылым.
2. «Спорт ғылымындағы зерттеулер» ғылыми басылым.
3. «Дене тәрбиесі — жаршысы» (Вестник физической культуры) ғылыми басылым.
4. «Спорт жұлдыздары» республикалық журнал.
5. KazAST.edu.kz
6. Ziatker.kz
7. RUMAC.kz
8. Ustaz.kz
9. DodaSport.kz
10. ArtSport.edu.kz